**"Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруды және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі" нұсқаулықты бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 103 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 15 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1797. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 15 қазандағы № 842 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.10.2015 № 842 бұйрығымен.

Жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жетілдіру және олардың тиімділігін арттыру мен жол қозғалысын ұйымдастыру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса беріліп отырған "Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруы және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі" нұсқаулық бекітілсін.

2. Астана, Алматы қалалары және облыстардағы ішкі істер департаментінің бастықтары:

1) осы Нұсқаулықты жол полициясының, жол қозғалысын қадағалауға тартылатын ішкі істер органдарының басқа да қызметтері мен бөлімшелерінің барлық қызметкерлерінің оқып-үйренуін қамтамасыз етсін;

2) жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруы және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі жұмысын Нұсқаулыққа сәйкес ұйымдастырсын.

Ескерту: 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.02.23 № 88 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және Ішкіісминнің Жол полициясы департаментіне (Н.Т.Мырзабеков) жүктелсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы

16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі*

*генерал-лейтенант*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 103 бұйрығымен бекітілген

**Жол полициясы бөлімшелерінің жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруды және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруі жөніндегі НҰСҚАУЛЫҚ**

Ескерту: Мәтіндегі "комитеті" деген сөз "департаменті" деген сөзбен ауыстырылды;

барлық мәтін бойынша "кешендік тексеру", "кешенді тексеруді", "кешенді тексерулердің", "кешенді (тоқсандық) тексеру", "бақылау тексерулер", "бақылаулық тексерулер", "тоқсандық тексерулерді" деген сөздер тиісті септіктерде "кешенді байқау", "қорытынды тексеру", "тоқсандық тексеру" деген сөздермен, «департаменті», «департаментінің» деген сөздер «комитеті», «комитетінің» деген сөздермен, ал «Астана қаласы Ішкі істер басқармасының (бұдан әрі - ІІБ), Алматы қаласының Ішкі істер бас басқармасының (бұдан әрі - ІІББ), облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның» деген сөздер «Астана, Алматы қалалары және облыстардағы ІІД-нің» деген сөздермен ауыстырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005.03.16 N 168, 2005.09.15 N 548, 2011.02.23 № 88 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық жол полициясы бөлімшелерінің автомобиль жолдарды (бұдан әрі - жолдар), жол құрылғыларды, темір жол өткелдерін және электр көлігі желілерін жобалау, құрылысын салу, қайта жаңарту, жөндеу, қалпына келтіру

және ұстау кезінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын , автомобиль көлігімен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау ережелерін мемлекеттік қадағалау мен бақылау тәртібін жол қозғалысы жағдайларын зерделеу және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру шараларын қабылдауды жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Жол полициясының бөлімшелері жолда қызмет ету бөлігіндегі ережелердің , нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруді мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдерін, басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерін және осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

3. Жол қызметі саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруде мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру жұмыстарын ұйымдастыру ішкі істер органдарының жол полициясы қызметінің жол тексеру бөлімдеріне ( бөлімшелеріне, топтарына) және аудандардың (қалалардың) жол полициясы бөлімшелеріне жүктеледі.

4. Жол тексеру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) және аудандардың ( қалалардың) жол полициясы бөлімшелері:

1) Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген:

жол қозғалысының, көше-жол желісінде және жолдардың бөлу сызықтарында көліктік және өзге де қызметті жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық кесімдердің, нормативтердің, ережелердің және стандарттардың;

жол қозғалысы мен автомобиль тасымалдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық шарттардың;

қалаларды, елді мекендерді, тұрғын үй массивтерін, өнеркәсіптік аймақтар мен кәсіпорындарды жобалау және олардың құрылысын салу кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты бөлігінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың;

автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын, темір жол өткелдерін және электр көлігі желілерін жобалау, құрылысын салу, қайта жаңарту, жөндеу және қалпына келтіру кезінде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың;

автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін жол қозғалысы үшін қауіпсіз жағдайда ұстау ережелерінің;

жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын шығару, орнату және пайдалану жөніндегі ережелердің, нормативтердің және стандарттардың;

автокөліктермен жолаушылар мен жүктер тасымалдаудың ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асырады;

2) жол-көлік оқиғаларының (бұдан әрі - ЖКО), сондай-ақ жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін құқық бұзушылықтар мен құқыққа қарсы әрекеттердің себептері мен жағдайларын анықтайды және талдайды, оларды жою шараларын қабылдайды, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

3) жол қозғалысының жағдайын зерделейді, көлік құралдары мен жаяу жүргінші қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды, жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын сараптау, жол қауіпсіздігі бойынша мамандар даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

4) министрліктерге, агенттіктерге, ведомстволарға және өзге де ұйымдарға жол қозғалысының қауіпсіздігі деңгейін арттыру, азаматтарды, заңды тұлғаларды және мемлекетті жол-көлік оқиғаларының зардаптарынан қорғау, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ғылыми, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) ережелердің, нормативтердің және стандарттардың талаптары жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде сақталмаған жағдайда тиісті органдарға азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс объектілерін, жолдарды, жол құрылғыларын, темір жол өткелдерін және электр көлігі желілерін жобалауды, құрылысын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және қалпына келтіруді не ұстауды қаржыландыруды тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізеді;

6) жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы заңнаманың, ережелердің, нормалардың, нормативтердің және стандарттардың талаптарының бұзылуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою туралы мемлекеттік органдардың және басқа да ұйымдардың орындауы үшін міндетті ұйғарымдар береді;

7) автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын, темір жол өткелдерін, электр көлігі желілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссиялардың жұмысына қатысады;

8) өз құзыретінің шегінде автомобиль жолдары бойынша тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат беруге келіседі.

## 2. Автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын, темір жол өткелдерін және электр көлігі желілерін жобалау

**кезінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау және бақылау**

5. Автомобиль жолдарының, көшелердің, жол құрылғыларының, темір жол өткелдерінің электр көлігін желілерінің құрылысын салу, қайта салу, жөндеу және қалпына келтіру жоба құжаттарын тексеру кезінде ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау және бақылау.

6. Жоба құжаттарының құрамы мен мазмұнына байланысты қосымша:

1) жобаланған және тұрғылықты көше-жол желісін байланыстыру, көлік қиылыстарын әр деңгейде қолдануға;

2) қозғалысты ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу мүмкіншілігіне, соның ішінде жол қозғалысын автоматтандырылған жүйемен басқаруға және маршруттық бағдар жүйесін келесі сатыларда жобалауға;

3) жобамен қабылданған автомобиль жолдарының санаттары болашақтағы қозғалыстардың жүйелілігіне сәйкестігіне;

4) автомобиль жол құрылысының және елді мекенді айналып өтетін жолдардың бірнеше нұсқасы болуына;

5) автомобиль жолдарының геометриялық параметрлерінің қабылданған санатқа сәйкестігіне;

6) көлік қиылыстарының орналасуына және олардың түрлерін, қозғалысты, соның ішінде автомобиль және темір жолдар қиылысатын орындарда ұйымдастырудың нобайларын таңдауға;

7) бір-бірінен бөлініп жатқан елді мекендерді көлік байланысымен қамтамасыз етуге;

8) маршруттық көлік құралдары үшін аялдама, тұрақ орны, демалыс алаңы және баска да сервис объектілерінің болуы және орналасуы, оларға кіре беріс жолдардың болуына көңіл бөлу қажет.

7. Жұмыс құжаттарын (инженерлік жобаны) қарай отырып:

1) жолдар және жол құрылғылар жоспарының геометриялық элементтер параметрлерінің, көлденеңдік және бойлайтын профильдердің дұрыс тағайындалуына;

2) жүріс бөлігінің үстіңгі қабатының түрін таңдауға;

3) жол жоспарындағы аз радиусты қисықтарда вираждың (жалтарыс) немесе өтпелі қисықтардың бар-жоғына, сондай-ақ қажетті жүріс бөлігінің кеңейтілуіне;

4) жолдардағы жоспар мен профильдегі қисықтарда, олардың қиылыстарында және темір жол өткелдерінде көріністі қамтамасыз етуге;

5) автомобиль жолдарының жер төсеніші үйінділері құламаларының тіктігіне;

6) өтпелі-шапшаңдық жолақтарды, өрлі жерлеріндегі қосымша жолақтарды салуға;

7) жол қоршауларының және бағыттаушы қондырғылардың тобын, үлгісін, конструкциясын және құру орындарын таңдауға;

8) жолдардың, көпірлердің, жолөткізгіштерінің, құламалардың, өтпелі-шапшаңдық жолақтарын, бөлетін жолақтардың жүріс бөлігіне және жол жағалауына;

9) жол жағалауының конструкциясына;

10) тротуарлардың, жаяу және велосипед соқпақтарының бар болуын және оларды стационарлық электрлік жарықтандырумен қамтамасыз етуді;

11) жаяу жүргіншілер өтпесін және маршруттық көлік құралы аялдамаларын кірер қалталармен және отыратын алаңдармен жабдықтауға;

12) апаттық байланыс құралдарының бар болуын;

13) жүріс бөлігін белгілеу нобайларын және жол белгілерін орнатуды;

14) қозғалысты ұйымдастыру жобаларының немесе қозғалысты ұйымдастыру нобайларының бар болуын бақылауды жүзеге асырады.

8. Қозғалысты ұйымдастыру жобаларын қарау барысында:

1) жолдардың, жол құрылғыларының, темір жол өткелдерінің техникалық параметрлерінің болашақтағы жол қозғалыстарының жүйелілігі мен құрамына сәйкестігіне;

2) жол қозғалысына тиімді ұйымдастыруды енгізуге (біржақты, басты, жүк тасымалда, бағдаршамды, реверсті, үйлестірілген);

3) автомобиль көлігінің транзиттік қозғалыстарын ұйымдастыруға;

4) сапар бағдарлау жүйесінде (бағыттарды қашықтықты көрсеткіштерді қолдану, сервис белгілерін, сапар желісі номерлерін, ақпаратты табло және тағы басқалар) қамтамасыз ететін құралдардың толық және дұрыс пайдаланылуына;

5) жұмыс орындарын қоршауға арналған құралдардың дұрыстығына көңіл аударылады.

9. Жоба құжатнамасындағы:

1) халықаралық және республикалық маңыздағы жалпы пайдалынымдағы автомобиль жолдарды, ақылы автомобиль жолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеуді және қалпына келтіруді - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - ІІМ) Жол полициясы комитеті;

2) 1)-тармақшада көрсетілген жолдардан басқа автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және теміржол өткелдерін салу, қайта жаңарту, жөндеу және қалпына келтіру істерін - Астана қаласы Ішкі істер басқармасының (бұдан әрі -

ІІБ), Алматы қаласының Ішкі істер бас басқармасының (бұдан әрі - ІІББ), облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның жол полициясы басқармасының бөлімі (бөлімшесі, тобы) қарайды.

10. Жоба құжатнамасын қарау нәтижесінде қорытынды дайындалып, сәйкес ішкі істер органдарының жол полициясы бөлімшесінің басшысы қол қояды.

11. Жоба құжаттамасының қарау қорытындылары жоба құжаттамасын келісуді тіркейтін журналға енгізіледі (Нұсқаулыққа 1-қосымша ).

## 3. Автомобиль жолдарының, көшелердің, жол құрылғыларының, темір жол өткелдерінің, электр көлігі желілерінің құрылысын, қайта салынуын, жөнделуін және қалпына келтіру ережелерін, нормативтер мен стандарттарды жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қадағалау және бақылау

12. Автомобиль жолдарының, көшелердің, жол құрылғыларының, темір жол өткелдерінің және электр көлігі желілерінің құрылысын салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді және қалпына келтіру ережелерін, нормативтер мен стандарттарды бақылау:

1) автомобиль жолдарында жол жұмыстарын жүргізудегі қозғалысты ұйымдастыру нобайларын қарау;

2) бақылап өткізу;

3) автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін пайдалануға қабылдайтын жұмысшы және мемлекеттік комиссияларға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

13. Қозғалысты ұйымдастыру нобайларын қарау, автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін ұстаудан (қоқыс жинау, белгілерді, жол қоршауларын, бағыттаушы қондырғыларды, бағдаршамдарды жуу) басқа барлық жұмыстар түрлері бөлінген жиектің немесе "қызыл сызық" шектерінде орындалу кезінде жүргізіледі.

14. Қозғалысты ұйымдастыру нобайларын қарау кезінде:

1) автомобиль жолдарының, жол құрылғыларының және темір жол өткелдерінің құрылысын салу, қайта салу және жөндеу жоба құжаттарының бар болуына;

2) жүріс бөлігін, тротуарларды, жаяу соқпақтарды және тағы басқаларды жұмыс жүргізу үшін пайдаланудың негізделуіне;

3) қалған жүріс бөлігінің, тротуарлардың, жаяу соқпақтарының және тағы басқалардың өткізу қабілетінің көліктердің немесе жаяу жүргіншілердің қазіргі ( болашақтағы) ағынына сәйкестігіне;

4) тұрмыс қалашықтарының орналасуларына, құрылыс материалдарын жинастыру және көліктерді уақытша сақтау орындарының орналасуына;

5) ұйым атауы, жұмысты басқаратын жауапты адамның фамилиясы мен оның қызмет телефонының нөмірі бар ақпарат тақтасы нобайының бар болуын;

6) жұмыстың басталуы мен аяқталуы мерзімдерінің белгіленуіне;

7) айналып өту желілерін ұйымдастыруға;

8) жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының дұрыс қолданылуына;

9) жұмыс орнын қоршау құралдарының қолданылуына көңіл аударылады.

15. Қозғалысты ұйымдастыру нобайларындағы мынандай мәселелерді:

1) халықаралық және республикалық маңыздағы жалпы пайдалынымдағы автомобиль жолдарын, сондай-ақ ақылы автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, жөндеу қалпына келтіру - Қазақстан Республикасының ІІМ-нің Жол полициясы комитетінің жол тексеру бөлімшесі немесе олардың тапсырмасымен Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның жол полициясы басқармаларының жол тексеру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) ;

2) Осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілген жолдардан басқа автомобиль жолдарын, барлық автомобиль жолдарының бойындағы құрылғыларды және теміржол өткелдерді салу, қайта жаңарту, жөндеу және қалпына келтіру - Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның Жол полициясы басқармаларының жол тексеру бөлімдері (бөлімшелері, топтары) үш жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескерту: 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.02.23 № 88 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Қозғалысты ұйымдастыру нобайларын қарау қорытындылары жоба құжаттамасын келісу журналына енгізіледі.

17. Қорытынды тексерулерде:

1) жұмыс жүргізуге рұқсаттың болуы;

2) ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың құрылыс жұмыстары аймағында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын орындауы;

3) салынып жатқан объектінің жоба құжаттамасына сәйкестігі тексеріледі.

18. Жұмыс жүргізіліп жатқан орындарда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары бұзылса, салынып, (қайта жаңартылып) жатқан жолдар және жол құрылғыларының жобамен сәйкессіздігі анықталса, тексеру актісі жасалады және өндірушіге ұйғарымдар беріледі.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 15 қыркүйектегі N 548 бұйрығымен.

19. Салынып жатқан автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін пайдалануға қабылдаудың жұмысшы және мемлекеттік комиссияларына қатыса отырып:

1) салынған объектінің жоба құжаттамасына сәйкестігін;

2) өндірістік жұмыс және авторлық қадағалау журналдарын;

3) салынып жатқан автомобиль жолдарының диагностикалық және көпірлерді сынау құжаттарын тексереді.

20. Қабылданған жол қозғалысын ұйымдастыру нобайымен жұмыс жасауды қамтамасыз етуде автомобильдік жолмен қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етуге кедергі болатын жойылмай бітірусіз қалған жол жабындысының тегістік және жабысу сапасына байланысты; жол қоршауларды және бағыттаушы қондырғыларды, жасанды жарықтандыруды орнатуға байланысты өтпелі-шапшаңдық және аялдамалық жолақтарды орнатуға байланысты, ақаулар бар болса, жол полициясының лауазымды адамы мемлекеттік комиссияның кесіміне қол қоймайды, ескертпелерді ерекше пікір түрінде жазбаша түрде баяндап, осы кесімге қосады.

21. Салынған, қайта жаңартылған және жөнделген автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін қабылдау жөніндегі жұмысшы және мемлекеттік комиссиялар құрамына:

1) халықаралық, республикалық маңыздағы жалпы пайдалынымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автомобиль жолдарды қабылдауда - Қазақстан Республикасы ІІМ жол полициясы комитетінің жол тексеру бөлімшесінің қызметкері немесе олардың тапсырмасымен Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның жол полициясы басқармасының жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) қызметкері;

2) осы тармақтың 1)-тармақшада көрсетілген жолдардан басқа автомобиль жолдарын, құрылғыларды және теміржол өткелдерін салу, қайта жаңарту және жөндеу - Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-нің, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның жол полициясы басқармаларының жол тексеру бөлімінің (бөлімшесі , тобы) қызметкері қосылуы мүмкін.

## 4. Автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін ұстау ережелерін мемлекеттік қадағалау және бақылау

22. Автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін ұстау ережелерін жол қозғалысының қауіпсіздігін қорғау саласында мемлекеттік қадағалау және бақылау:

1) автомобиль жолдарын, жол құрылғыларды кешенді байқау;

2) өткелдерін кешенді байқау;
3) автомобиль жолдарын, жол құрылғыларды тоқсандық тексерулер;
4) автомобиль жолдарын және коммуналдық ұйымдардың қысқы ұстауға даярлығын тексерулер;
5) мұзды өткелдердің жағдайын тексерулер;
6) қорытынды тексеру;
7) күнделікті қадағалау арқылы жүзеге асырылады.
23. Автомобиль жолдарын, жол құрылғыларды комплекстік тексеру (бұдан әрі - комплексті тексеру) жылына екі рет, көктем мезгілінде 1 сәуірден 1 маусымға дейін және күз мезгілінде 1 қыркүйектен 1 қарашаға дейін өткізіледі.
24. Кешенді байқауды:
1) халықаралық, республикалық маңыздағы жалпы пайдалынымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автомобиль жолдарды және жол құрылғыларды - Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның Жол полициясы басқармасының жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) қызметкері;
2) 1) тармақшада көрсетілген жолдардан басқа автомобиль жолдарын және жол құрылғыларды - аудандық (қалалық) жол полициясы бөлімшелері жүргізеді.

25. Кешенді байқау өткізуде негізгі назарды:
1) жүріс бөлігінің, жол жағалауының, тротуарлардың, жаяу және велосипед соқпақтарының жай-күйіне;
2) жоспар мен профильдегі қисықтарда, олардың қиылыстарында көріністі қамтамасыз етуге;
3) маршруттық көлік құралдарының аялдамаларының жабдықтарына және жай-күйіне;
4) жол қоршауларының жай-күйіне, жол құрылыстарын жарықтандыруға ( көпірлерді, жол өтпелерді, эстакадаларды, тоннельдерді, виадуктарды, жер асты және жер үстіндегі жаяу жүргіншілер өтпелерін);
5) жаяу жүргіншілер өтпелерін белгілеуге және оларды жабдықтауға;
6) жүріс бөлігінде жүргізілетін жұмыстардың өндіріс орындарын қоршауға, айналып өтетін жолдарды ұйымдастыруға және олардың жай-күйіне;
7) әр деңгейдегі қиылыстарды, елді мекен арқылы өтетін жол учаскелерін, қоғамдық көлік аялдамаларын жасанды жарықтандыруға;
8) жол белгілерінің, бағдаршамдардың және таңбалардың жай-күйіне;
9) бағдаршам объектілер жұмыс істеуінің құжаттамада көрсетілген тәртіптерге сәйкестігіне;
10) жүргізушілерге ақпараттық, сапарлық бағдар беру тәртіптеріне, соның ішінде жүк таситын және транзиттік көлікке;

11) тұрақ орнының және демалыс алаңдарының жай-күйіне;

12) байқау құдықтары қақпақтарының және жаңбыр суын қабылдау шарбақтарының;

13) көше-жол желісін сыртқы жарықтандырудың;

14) мәдениеттік, сауда және спорттық орталықтар, әкімшілік ғимараттар жанынан тұрақ орындарын жабдықтаудың жай-күйіне (елді мекендерде);

15) жалпы пайдалану көлігінің сапар желілерін жабдықтаудың және реттеудің ;

16) жүргінші желілерінің трамвай жолдарымен қиылысқан жерлерінің пайдалану жай-күйлеріне аударады.

26. Кешенді байқаулар нәтижелеріне сәйкес:

1) жол жағдайын толық жетілдіру жөніндегі жұмыс түрлері мен көлемдері және белгіленген жетіспеушіліктерді жою, оларды өткізу мезгілдері, нақтылы орындаушылары анықталған кесім (Нұсқаулыққа 2-қосымша );

2) жол белгілерін орналастыруға және таңбалар нобайына өзгерту жөніндегі ұсыныстар;

3) жолдар және жол құрылғыларды пайдалануда жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарынан шегініс анықталса, кемшіліктерді жоюға белгіленген мерзімдер белгіленетін ұйғарымдар;

4) Жергілікті атқару органдарына, сонымен қатар басқа мүдделі ведомстволарға ақпарат дайындалады.

27. Кешенді байқаулардың нәтижелеріне сәйкес жолдарды, жол құрылғыларын күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерімен белгіленген өзге де талаптарды бұзған лауазымды және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылданады.

28. Темір жол өткелдерін кешенді тексеру 1 сәуірден 1 маусымға дейін өткізіледі.

29. Темір жол өткелдерін кешенді тексеруде негізгі назарды:

1) оның санатының қозғалыс жағдайларына сәйкестігіне;

2) өткелге жақын келетін жолдардың геометриялық элементтеріне;

3) өткелді және темір жол төсенішін, жақындаған поезды жүргізуші орнынан көруді қамтамасыз етуге;

4) өткелді жол белгілерімен, түстік және дыбыстық белгілермен, бағдаршамдармен, жасанды жарықтандырумен, қоршаулармен, көлемді қақпаларымен жабдықтауға;

5) жаяу жүргіншілер соқпақтарының болуына;

6) өткелдің және жақын келетін жолдардың жүріс бөлігінің, төселімінің жай-күйіне;

7) өткелге жақын келетін жолдардың жүріс бөлігінде таңбалаудың және жол құрылыстарында тігінен таңбалаудың болуына аударады.

30. Темір жол өткелдерін кешенді тексеру нәтижелері бойынша:

1) кесім (Нұсқаулыққа 3-қосымша );

2) жергілікті атқару органдарына, темір жол өткелдерінің иелеріне және басқа да мүдделі ведомстволарға жолданатын жол полициясының ақпараты;

3) өткелдер мен оларға жақын келетін жолдарды ұстауда кемшіліктер болса, ұйғарым әзірленеді.

31. Кешенді байқаулардың нәтижелері бойынша теміржол өткелдерін ұстау ережелерін бұзған лауазымды және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылданады.

32. Жолдарды және жол құрылғыларды тоқсандық тексерулер (бұдан әрі - тоқсандық тексерулер), оларды ұстауды ұдайы қадағалауды және бақылауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі және осы мақсатта барлық автомобиль жолдары және жол құрылғылар тоқсан бойында тексеріліп тұрады.

33. Тоқсандық тексерулер:

1) халықаралық, республикалық маңыздағы жалпы пайдалынымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автомобиль жолдарды және жол құрылғыларды - Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның жол полициясы басқармасының жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) қызметкерлері;

2) 1) тармақшада көрсетілген жолдардан басқа автомобиль жолдарын және жол құрылғылар бойынша - аудандық (қалалық) жол полиция бөлімшелері жүргізеді.

34. Тоқсандық тексеру өткізгенде негізгі назар 28-тармақта көрсетілген мәселелерге аударылады.

35. Тоқсандық тексеру нәтижелеріне сәйкес:

1) жол жағдайларын толық жетілдіруде жұмыс түрлері мен көлемдері және аталған жетіспеушіліктерді жою, оларды өткізу мезгілдері, нақтылы орындаушылары анықталған кесім;

2) анықталған жетіспеушіліктерді жоюға ұйғарымдар дайындалады.

36. Тоқсандық тексерулердің нәтижелеріне сәйкес жолдарды, жол құрылғыларды күтіп-ұстау жөніндегі талаптарды, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерімен белгіленген өзге де талаптарды бұзған лауазымды және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылданады.

37. Жол және коммуналдық ұйымдардың автомобиль жолдарды қысқы уақытта пайдалануға даярлығын тексеру жол полициясының бөлімшелері 15 қыркүйектен 15 қарашаға дейін өткізеді.

38. Жол және коммуналдық ұйымдарды жоспарлық тексеру, заңнамаға сәйкес , Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасындағы Құқықтық статистика және ақпарат орталығының (бұдан әрі - ҚСжАО) аумақтық органдарында тіркелуге жатады.

39. Тексеруді ұйымдастыру үшін жол полициясы бөлімшелерінің басшылары тексеру кесімін анықтайды (Нұсқаулыққа 4-қосымша ) және соңынан ҚСжАО-да тіркеу үшін тексерудің есеп карточкасы толтырылады.

40. Тексеру кесімінде тексерудің нәтижелері көрсетіледі, олар жергілікті атқару органдарына, жол және коммуналдық шаруашылық ұйымдарына шаралар қабылдану үшін жіберіледі.

41. Өзендер мен басқа да су бөгеттері арқылы өтетін мұзды өткелдерді тексеру аймақтың климаттық жағдайына байланысты 15 күнде кемінде бір рет өткізіледі, соның ішінде оларды ашу алдында және жылымықтар уақытында олар арқылы қозғалысты жабу қажетті деп бағаланса тексерулер жүргізіледі.

42. Өзендер мен басқа да су бөгеттері арқылы өтетін мұзды өткелдерді тексеруде негізгі назар:

1) жергілікті атқару органдарының мұзды өткелді ашуға арналған рұқсатының бар-жоғына;

2) тиісті қызмет органдарының мұзды өткелдегі мұздың қалыңдығын және мұзды жамылғының жүк көтерімділігін бақылап отыруына;

3) қозғалыс ретін, жүк көтерімділігін және жылдамдығын анықтайтын жол белгілерінің болуына және орналастырылуына;

4) қарсы қозғалыс жолдарына дейінгі ара қашықтыққа;

5) мұз беттеріндегі қарлы жамылғының қалыңдығына;

6) бойлау осінен шұңқырларға, мұз ойылымдарына, мұз дайындау алаңдарына, жер астылық сулардың шығуына, электр станцияларының қолданылған жылы суларын жинау орнына, сеңді мұз шоғырларына дейінгі ара қашықтыққа;

7) мұзды жамылғының жағамен қосылған жеріне;

8) ағаш төсемнің жай-күйіне және оны мұз жамылғысын күшейтуге пайдалануға және төсемнің жағамен қосылған жеріне;

9) жүріс бөлігінің шегінде және одан жақын маңда мұз жарықтарының бар жоғына;

10) өткел шекараларының белгіленуіне;

11) өткелге кіру жанында шлагбаумдардың болуына;

12) өткел салуға арналған құм қорларының және басқа да материалдардың

болуына;

13) құтқару құралдарының болуына аударылады.

43. Жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер туғызатын анықталған кемшіліктер бойынша ұйғарым әзірленеді, жергілікті атқару органдарына хабарланады.

44. Қорытынды тексерулер кезінде:

1) қорытынды тексерулерді өткізуде кешенді, тоқсандық тексерулер, жол және коммуналдық ұйымдардың автомобиль жолдарын қысқы уақытта пайдалануға даярлығын, мұзды өткелдерді тексерулер нәтижесінде қарастырылған шаралардың орындалуы;

2) алдыңғы берілген ұйғарымдардың орындалуы;

3) автомобиль жолдарының, жол құрылғылардың және теміржол өткелдердің пайдаланылу жағдайы;

4) оларды салуда, қайта жаңартуда және жөндеуде техникалық нормалар талаптарының сақталуы тексеріледі.

45. Қорытынды тексеру өткізу мерзімділігі алдыңғы берілген ұйғарымдарда белгіленген мерзімдерге тәуелді.

46. Қорытынды тексерулердің нәтижелеріне сәйкес жолдардың, жол құрылғылардың, теміржол өткелдерінің, жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарының және басқа объектілердің салу, қайта жаңарту, жөндеу, қалпына келтіру және ұстау ережелерін бұзған лауазымды және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылданады.

47. Жолда қызмет ету бөлігіндегі ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруда, жолдарды, жол құрылғыларды, жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын және басқа объектілерді ұстау кезінде пайда болған, қозғалысына бөгет және оның қауіпсіздігіне қатер төнгізетін кемшіліктерді шапшаң жою мақсатында, қозғалыс жағдайын күнделікті қадағалауды, жол қозғалысын қадағалайтын жол полициясы қызметкерлері, сондай-ақ жол тексеру қызметкерлері жүзеге асырады.

48. Жолдарға, темір жол өткелдеріне және жол қозғалысын реттейтін басқа да құрылғыларды немесе жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарына бүлдіру, соның ішінде жол төсемесін ластау, сонымен қатар көлік құралдарының қозғалысына қасақана кедергілер жасау фактілері табылған жағдайда кінәлі тұлғаға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес шаралар қабылданады.

49. Жол қозғалысын қадағалайтын қызметкер көлік құралдарының қозғалысына немесе оның қауіпсіздігіне бөгет жасаушы жетіспеушіліктерді жол және инженерлік құрылыстардың жай-күйлерінен тапқан жағдайда, олар

жайында жол полициясының кезекші бөлімшелеріне баяндайды және оның нұсқауымен іс-әрекет жасайды.

50. Кезекші хабарларды белгіленген үлгідегі журналына түсіреді және олар жайында жол полициясының басшыларына, жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) бастығына хабарлайды. Қозғалысқа шек қою және тыйым салу қажеттілігі туралы оның шешімін жол қозғалысын қадағалайтын қызметкерлерге, сонымен қатар жол, коммуналдық және басқа да мүдделі ұйымдардың лауазымды тұлғаларына дейін жеткізіледі.

## 5. Автомобиль жолдары бойынша тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат беруге келісу

51. Ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады және белгіленген тәртіпте жол полициясымен келісіледі.

52. Автомобиль жолдарымен ауыр салмақты және ірі көлемді жүктерді тасымалдауды келісуде:

1) қозғалмалы құрамның тарту-тіркеу мүмкіншілігіне;

2) жолсерік түріне;

3) жедел және уақытша өзгертілген жол қозғалысын ұйымдастырудың нобайына көңіл бөлу қажет.

52-1. Арнайы рұқсатты келісу процесінде жол полициясы бөлімшесінің бастығы ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралына ілесіп жүру қажеттігі және оның түрі туралы шешім қабылдайды, ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралы қозғалысының жылдамдық режимін белгілейді және қажет болған жағдайда автокөлік құралының техникалық жай-күйін қарауды жүргізеді. Содан кейін арнайы рұқсатқа ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүріп өтуін келісу туралы жазылады және мөрімен расталады.

Көлік құралының ең болмағанда габариттерінің бірі жүкпен немесе жүксіз ені 3.5 метрден, биіктігі 4,5 метрден не болмаса ұзындығы 24 метрден асса, тасымалдаушы немесе жүк жіберуші бөлетін бүркемелеу автомобилінің жолсерік болуы міндетті.

Мынадай жағдайлардың барлығында:

1) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ені 45 метрден асатын болса;

2) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының ұзындығы 30 метрден асатын болса;

3) қозғалыс кезінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік

құралының қарсы қозғалыс ендігін ең болмағанда ішінара иеленуге мәжбүр болса;

4) тасымалдау процесінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қозғалысты ұйымдастыруды шұғыл өзгерту талап етілгенде жол полициясының патрульдік ілесіп жүру автомобилінің болуы міндетті.

Өзге де жағдайларда, жол полициясы бөлімшесінің бастығы, жол жағдайларын, көлік тасқынының құрамын және қозғалыстың қарқындылығын негізге ала отырып белгілейді.

Ескерту: 52-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.

52-2. Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын тасымалдаушыларға және көлік құралдарына қойылатын талаптар:

1) қозғалыс процесінде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралын жүргізуші:

қарсы бағыттағы көлік құралдарын бөгетсіз және қауіпсіз өткізу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды;

қозғалу үшін арттағы көлік құралына кедергі келтірмейді және арттағы көлік құралдарының басып озуына мүмкіндік береді;

жалпы пайдалымдағы жолдармен жүрген кезіндегі жылдамдығы 50 км/сағаттан, ал жасанды құрылыстарда 10 км/сағаттан аспауы тиіс;

30 км/сағат және одан жоғары жылдамдықпен келе жатқан автокөлік құралдарын басып озбайды;

басқа көлік құралдарын сүйретпейді;

қозғалысты қолайсыз ауа-райы жағдайларында жүзеге асырмайды;

егер тасымалдау шарттарында мұндай қозғалыс тәртібі белгіленбесе, жол жиегімен жүрмейді;

жолдың жүру бөлігінің шегінен тысқары орналасқан арнайы тұрақтарда тоқтайды;

автокөлік құралының техникалық жарамсыздығы туындаған немесе қозғалыс қауіпсіздігіне және (немесе) жүктің сақталуына қауіп төндіретін жүктің бекітілуі бұзылған кезде қозғалысты доғарады;

2) ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді тасымалдайтын көлік құралдары Жол қозғалысы ережелерінің талаптарына сәйкес айырым белгілерімен белгіленуі тиіс;

3) ірі көлемді жүкті тасымалдау кезінде егер жүгі бар көлік құралының биіктігі жолдың жүргінші бөлігінен 4,5 м биік болса, шектеулі кезде тәуліктің қараңғы уақытында немесе көру жеткіліксіз болған жағдайларда автомобильдің үстіне бір немесе екі жанатын сигналды сары түсті шамы бар көлемді штангасын орнату керек. Шамды орнату биіктігі тасымалданатын жүк габаритінің жоғарғы

нүктесінен 10-15 см биік болуы керек және негізгі көлік құралы жүргізушісіне көрінетіндей болуы тиіс.

Ескерту: 52-2-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.

53. Қауіпті жүктерді тасымалдауды келісуде:

1) жол қозғалысын ұйымдастырудың нобайларына, олардың уақытша өзгеруіне;

2) автомобиль жолдарының ұсталу жағдайларына, жол құрылғыларына және темір жол өткелдеріне;

3) тасымалдаудың жылдамдығына;

4) жолсерік қажеттілігіне және түріне көңіл бөлу қажет.

53-1. Қауіпті жүкті тасымалдау бағытына келісу үшін тасымалдаушы:

1) қауіпті жүк тасымалдау бағытының бланкісін;

2) Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралының қауіпті жүк тасымалдауына рұқсат берілгені туралы куәлікті береді.

Ескерту: 53-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.

53-2. Қауіпті жүкті тасымалдауға келісілген бағыт 12 айға жарамды.

Ескерту: 53-2-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрлігінің 2005 жылғы 16 наурыздағы N 168 бұйрығымен.

54. Ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдауды келісуді:

1) халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруда және тасымалдауды бағыты екі не одан көп облыстың аумағынан өтетін болса - Қазақстан Республикасы ІІМ Жол полициясы комитетінің жол тексеру бөлімшесі бес жұмыс күні ішінде;

2) тасымалдау бағыты бір аудан, қала немесе облыстың аумағынан өтетін болса - аудандық (қалалық) жол полиция бөлімшелері немесе Астана қаласы ІІБ-ның, Алматы қаласы ІІББ-ның, облыстардағы ІІББ-ІІБ-ның, жол полициясы басқармасының жол тексеруші бөлімі (бөлімшесі, тобы) үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Ескерту: 54-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.02.23 № 88 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдау келісу қорытындылары ауыр салмақты, ірі көлемді және қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат беруге келісу автомобиль жолдары бойынша тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат беруге келісу Журналына енгізіледі (Нұсқаулыққа 5-қосымша ).

56. Қоғамдық көліктердің сапар желілерін ашу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіпте жол полициясымен келісіледі.

57. Қоғамдық көліктердің сапар желілерін ашуды келісуде:
1) сапар желілеріндегі және тоқтау алаңдар аумағындағы жол бөлігінің жай-күйіне;
2) жол белгілерінің болуына және жай-күйіне, олардың техникалық нормаларға сәйкестігіне;
3) болжамды маршрутта апаттық-қауіпті орындардың болуы және оларды айналып өтуді ұйымдастырудың мүмкіншілігіне;
4) соңғы пункттерде және автовокзалдарда тұрақтарды ұйымдастыруға;
5) көліктік ағыстарды аз жүктелген магистральдарға бөлу мүмкіндігі;
6) аялдамаларды ұйымдастырғанда (тоқтайтын және отыратын алаңдардың, өтпелі-шапшаңдық жолақтарының, павильондардың, жарықтардың, жаяу жүргінші жолдарының, түсетін сатылардың) техникалық нормалардың талаптарының сақталуына;
7) аялдамалардың және соңғы пункттердің орналасуына көңіл бөлу қажет.

58. Келісу нәтижелері кесіммен ресімделеді, онда бағытты ашу мүмкіндігі туралы жол полициясының қорытындысы беріледі.

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының бөлінген жолағында қызмет көрсету және сыртқы (визуалды) жарнама объектілерін орналастыруға арналған паспортты жол қызметі береді және жол полициясы бөліністерімен бес жұмыс күні ішінде келіседі.

Ескерту: 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 2011.02.23 № 88 (ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 6. Жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіру

59. Жол қозғалысын ұйымдастыруды толық жетілдіру шараларын әзірлеу жол-көлік оқиғаларының мәліметтерін, автомобиль жолдары мен көшелердің пайдаланылу жай-күйін тексеру нәтижелерін, жол пайдалану, көліктік ұйымдардың, жол қозғалысына бақылау жүргізуші жол полиция қызметкерлерінің және азаматтардың ұсыныстарын талдау негізінде жүзеге асырылады.

60. Апаттық-қауіпті орындарды анықтау, есеп жүргізу және оларды жою жұмыстары автомобиль жолдарындағы апаттық-қауіпті орындарды анықтау, есеп жүргізу және жою Нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.

61. Апаттық орындар туралы көрнекі хабар алу үшін жол-көлік оқиғаларының топографиялық есебі жүргізіледі.

62. Автомобиль жолдарындағы апаттық-қауіпті орындардағы қозғалыстың қауіпсіздігін жоғарылату әрекеттерінің тиімділігін бақылау олар толық іске асқаннан кейін үш жыл ішінде бақылау арқылы жүргізіледі.

63. Әрекеттердің негізгі тиімділік өлшемі-жол жағдайына байланысты жол-көлік оқиғаларының болмауы.

64. Жол қозғалысының ерекшеліктері мен жай-күйін зерттеуде:

1) көлік ағымының жиілігі есептелінеді және олардың құрамы нақтыланады;

2) жаяу жүргінші қозғалысының жиілігі есептеледі, оның жиналу аймағы нақтыланады;

3) көліктер қаңтарушылық ұзақтығы есептеледі;

4) жол-көлік оқиғаларының соңғы 3 жылғы саны нақтыланады;

5) геометриялық өлшемдері (жүргінші бөлігінің ені, қозғалыс жолақтарының саны, жоспардағы қисық радиустар, бойлау еңістерінің мөлшері және тағы басқалар) нақтыланады;

6) жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдардың мөлшері нақтыланады ;

7) жол бөлігіндегі қозғалысты ұйымдастыру нобайы құрылады.

65. Қозғалыс жағдайларын жетілдіру шараларын дайындау барысында:

1) жол белгілерін орнату және бағдаршам объектілерінің жұмыс тәртібін өзгерту жұмыстарын орындауға ұйғарым;

2) жол белгілерінің қолданылатын дислокациасына өзгертулер енгізу ұсыныстары;

3) коммуналдық және жол шаруашылық ұйымына қосымша жол қоршауларын орнату, жол белгі нобайларына түзету туралы ұсыныс енгізу дайындығы жүргізіледі.

66. Жол белгілерін орнату және бағдаршам объектілерінің жұмыс тәртіптерін өзгерту жұмыстарын орындауға ұйғарым екі данада дайындалады. Бірі жол белгілерін орнататын және бағдаршам объектілерін пайдаланатын ұйымға, екіншісі-атқаруды бақылауға арналған бақылау-байқау ісіне енгізіледі.

67. Бағдаршам объектілерін жобалау бағдаршам объектілерін жобалауға берілген ұйғарым негізінде жүзеге асырылады.

68. Жол қозғалысын ұйымдастыруды толық жетілдіру жұмыстарын орындауға берілген барлық ұйғарым жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдарын орнатуды (алуды) ескеретін есеп журналына енгізіледі ( Нұсқаулыққа 6-қосымша ).

69. Тек шапшаң шараларды енгізумен ғана іске аспайтын жол қозғалысын ұйымдастырудың перспективалық дамуы туралы ұсыныс осы мәселелерді шешуге құзыры бар жергілікті атқару органдарына белгіленген тәртіпте бағытталады.

70. Қозғалысты ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде:

1) қозғалысты кеңістікте бөлу (қозғалысты құбырлау, әр деңгейде қиылысу, маршруттарды бағдарлау, біржақты қозғалысты енгізу);

2) қозғалысты уақытпен бөлу (реверсивпен, бағдаршаммен реттеуді енгізу, қозғалысқа, аялдамаға және тұраққа белгіленген сағатта және апта күндерінде шек қою);

3) біртектес көлік ағымдарын құру (құрамы, бағыты және қозғалыс мақсаты бойынша);

4) қозғалыстың шапшаңдық тәртібін ықшамдау (жылдамдықты арттыру немесе шек қою, жол бөлігінің тар жерлерін жою, жолдың нығыздық деңгейін төмендету);

5) қозғалысты автоматтандырылған жүйелермен басқаруды енгізу;

6) жаяу жүргінші қозғалысының ыңғайлылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жаяу жүргінші өткелдерін құру және жабдықтау, жаяу жүргінші және тұрғын аймақтарын ұйымдастыру);

7) автокөлік тұрақтарын және олар туралы ақпараттарды ұйымдастыру.

## 7. Бақылау-байқағыш ісін жүргізу тәртібі

71. Бақылау-байқауыш ісі ақпараттық-аналитикалық мәліметтер жинағы болып табылады, соның негізінде жол қозғалысы қауіпсіздігінің жай-күйі талданады, автомобиль жолдарын, жол құрылғыларын және темір жол өткелдерін жобалау, салу және пайдалану деңгейі және жол полициясы бөлімшелерінің жолда қызмет ету бөлігіндегі ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруде мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру қызметінің тиімділігі талданады.

72. Бақылау-байқауыш істері жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) қызметкерлерімен, ал егер жолда қызмет ету бөлігіндегі ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруде мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру аудандық (қалалық) жол полициясының бөлімшелеріне жүктелсе, онда сол бөлімшенің бір қызметкері жүргізеді.

73. Автомобиль жолдарына арналған бақылау-байқауыш істері нақтылы осы жолдарға қатысты деректер мен хабарлардың түсуі, құрастырылуы, жиналуы барысында қалыптасады.

74. Егер жолдар бір ауданның, қаланың әкімшілік шекарасынан шықпаса, онда бірнеше жолға бір бақылау-байқағыш ісін жүргізуге рұқсат етіледі.

75. Түсетін ақпарат бақылау-байқауыш істерінің мына тарауларын тіркеледі:
1) "Автомобиль жолдарының өлшемдері мен реттелуі";
2) "Апаттық-қауіпті орындар";
3) "Жол және коммуналдық шаруашылық ұйымдары";
4) "Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары";
5) "Жол-көлік оқиғалары";
6) "Жобалауды бақылау";
7) "Құрылыс салуды, қайта жаңартуды және жөндеуді бақылау";
8) "Пайдалануды бақылау";
9) "Темір жол өткелдері".

76. Бақылау-байқауыш істерінің бөлімдері келесі мәселелерді қамтуы тиісті:
1) "Автомобиль жолдарының өлшемдері мен реттелуі":
жолдардың санаты мен тағайындалуы;
жолдар жоспарларының, көлденеңдік және бойлайтын профильдер элементтерінің негізгі геометриялық өлшемдері;
жүргінші бөлігінің, жол жағалауының, қиылыстарының жай-күйі (жабынды түрі, жабық коэффициенті, жабынды тегістігі, көрініс, жарықтандырудың болуы) ;
ғимараттардың және автосервис қызметтерінің тұрған жері (км, мекен-жай, телефон нөмірі және жұмыс уақыты), қоғамдық көлік аялдамалары, павильондар туралы мәліметтер;
2) "Жол және коммуналдық шаруашылық ұйымдары":
басқару құрылымы;
қызмет ету аймақтарының шекаралары;
телефондарының нөмірлері;
3) "Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдары":
жол белгілерінің орналасулары;
жол қозғалысын ұйымдастыру нобайлары;
белгі нобайлары;
бағдаршам объектілерінің орналасқан орындары және жұмыс тәртіптері туралы мәліметтер;
жол белгісін қою, бағдаршам объектілерін жобалау және жұмыс істеу тәртібін өзгерту туралы ұйғарым;
4) "Жол-көлік оқиғалары":
жол жағдайымен байланысты жол-көлік оқиғаларының салдарынан опат болған немесе зақымданған қозғалысқа қатысушылар туралы мәліметтер;
мүдделі органдар мен ұйымдарға апаттарды және жол-көлік оқиғаларының зардаптарын төмендету мәселелері туралы жазылған хаттардың көшірмесі;
5) "Жобалауды бақылау":

жоба құжаттарын қарау нәтижелерінің көшірмелері;
6) "Құрылыс салуды, қайта жаңартуды, жөндеуді қалпына келтіруді бақылау" :
ұйғарымдардың және әкімшілік құқық бұзу хаттамаларының көшірмесі;
салынған (қайта жөнделген) жолдарды, олардың учаскелерін қабылдаған жұмыс және мемлекеттік комиссиялары кесімдерінің көшірмелері;
7) "Пайдалануды бақылау":
жолдарды кешенді және тоқсандық тексерулер кесімдерінің көшірмелері;
пайдалануды бақылауға қатысты хаттардың, ұйғарымдардың және хаттамалардың көшірмелері;
8) "Темір жол өткелдері":
темір жол өткелдерінің карточкалары (Нұсқаулыққа 7-қосымша );
темір жол өткелдерін тексеру кесімдерінің көшірмелері;
темір жол өткелдерін ұстау және жабдықтауға қатысты хаттардың, ұйғарымдардың және хаттамалардың көшірмелері.

## 8. Жол полициясы бөлімшелерінің жолда қызмет ету бөлігіндегі ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруде мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыруын бақылау

77. Жол тексеру бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) және аудандық (қалалық) жол полициясы бөлімшелерінің жолда қызмет ету саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдірудегі мемлекеттік қадағалау мен бақылау қызметін жоғары тұрған ішкі істер органдарының жол полиция бөлімшелері бақылайды.

78. Бақылау жол полициясы бөлімшелерін жылына кемінде бір рет тексеру арқылы жүргізіледі, онда:
1) жолда қызмет ету саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдіруде мемлекеттік қадағалау мен бақылауда заңнамасын сақталуын;
2) жолда қызмет ету саласындағы ережелердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын және жол қозғалысын ұйымдастыруды жетілдірудегі мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүргізуде осы Нұсқаулық талаптарының орындалуын;
3) қызмет нәтижелері туралы ұсынылған есептердегі мәліметтердің растығын тексереді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 1-қосымша

**Жоба құжаттамаларын келісу журналы**

| р/н | Қарау уақыты | Жобаның атауы | жобалау ұйымының аты | Жол жұмыс. тарының басталу және аяқталу уақыты | Тексеру нәтижелері (келісілді/келісіл. меді) | Жол жұмыс. тарының орындалуы туралы белгі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 2-қосымша

**АКТ**

"____" ___________ 200_ ж.          Қала (аудан)________________

Автомобиль жолының учаскесін кешенді байқау__________________________

___________________________________________________________________

(автомобиль жолының нөмірі, көшенің аты)

км-ден (N үйден, көше қиылысынан)___________________________________

км-ге (N үйге, көше қиылысына)______________________________________

К о м и с с и я                    қ ұ р а м ы н д а :

Төраға_____________________________________________________________

(тегі, аты-жөні, лауазымы)

Комиссия мүшелері:__________________________________________________

(тегі, аты-жөні, лауазымы)

__________________________________________________________ негізінде

Автомобиль жолын (көшені) тексеруден өткізді

Тапсырыс беруші:____________________________________________________

(автомобильдік жолды басқару органы, тапсырыс беруші

___________________________________________________________________

дирекциясы және тағы басқа, мекен-жайы, телефоны)

Мердігер (пайдаланушы ұйым, заңды жеке тұлға)_______________________

___________________________________________________________________

(аты, мекен-жайы, телефоны)

Қызмет ету аумағы__________________________________________________

(автомобильдік жол учаске, көше)

Лицензиясы_________________________________________________________

(лицензия түрі, беру мезгілі, әрекет мезгілі)

А н ы қ т а л ғ а н :

| N | Орны (км., үй N) | | Кемшіліктері | Кемш-ді жоюға жауапты (ұйым, лауазымы, Т.А.Ә.) |
|---|---|---|---|---|
| | оң жағы | сол жағы | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Кешенді тексеру нәтижелерін қарап, анықталған кемшіліктерді белгіленген мерзімдерде жоюға ұсыныс жасайды________________________

(тексеру материалдарын қарау мезгілі және орны)

К о м и с с и я                              қ ұ р а м ы :

Төраға ____________________________________

( қ о л ы )

Комиссия мүшелері: __________________________________

(қолы)

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері:______________________________

_______________________________________________________________

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 3-қосымша

**АКТ**

"___"_________200_ жыл _____________ қаласы (ауданы)

Темір жол өткелін кешенді тексеруде анықталды:

Өткелдің тұрған жері_______________________________________________

(автомобиль және темір жолдардың аты)

Иесі:__________________________________________________________

(ККМ, басқа ұйымдар, олардың аты, мекен-жайы, телефоны)

Өткел санаты және түрі_____________________________________________

Пойыздардың саны/тәулігіне__________________________________________

Автомобильдердің саны/тәулігіне______________________________________

_______________________________________________________________

| NN№ | Өткелдің техникалық мәліметтері (жабдықталуы, құрылысы ж/е тағы басқалары) | МемСТ, ережелер, нұсқаулықтар бойынша нормалар | Нақтылы мәлім-р |
|---|---|---|---|
| 1. | Темір жол ж/е автомобиль жолының | 60 градустан | |

қиылысу бұрышы кем емес
2. Автомобиль жолының бойлау профилі 10 м.
горизонтальдық алаңмен, м
3. Өткел шекарасындағы темір жолдың Көбінесе түзу
бойлау профилі уч-к
4. Өткелден 20м. қашықтықта автомобиль 50 % көп емес
жолының еңісі
5. Өткелден 50м. қашықтықта автомобиль екі жағынан да
жолынан өткелге жақындаған пойызды 400м.
көру, м.
6. Өткелдің жүріс бөлігінің ені, м. автом-ль жолының
жүріс бөлігімен
бірдей, бірақ
6м. кем емес
7. Автом-ль жолының жүргізу бөлігінің
өткел шекарасындағы ұзындығы.
8. Мал айдайтын жерде төселімнің ені, м. 4м. кем емес
9. Жаяу соқпақтарының бары
10. Өткел төселімінің материалы ағаш, ж/б және
т.б.
11. Өткелге жақын келулердегі жолдың авто.жолдың
жабуы жабуымен ұқсас
12. Сигналдық кішкене бағаналарды құрудың шеткі рельстен
ұзындығы, м. 16м. кем емес
Қанаттарды, қоршауларды құрудың
ұзындығы, м.
13. Сигналдық кішкене бағаналардың, ж/б
қанаттардың, қоршаулардың материалдары
және т.б.
14. Сигналдық кішкене бағаналардан, 0.75 м. кем емес
қанаттардан, қоршаулардан жүргінші
бөлігінің жиегіне дейінгі
арақашықтық, м.
15. Белгілердің болуы, дана:
1.1. "Шлагбаумы бар темір жол өткелі"
1.2. "Шлагбаумы жоқ темір жол өткелі"
1.3.1.(1.3.2) "Бір (көп) тармақты
темір жол"
1.4.1-1.4.6 "Темір жол өткеліне

жақындау"
1.5 ."Аялдамасыз қозғалысқа тыым салынады"
3.13. "Биіктікті шектеу"

| | | |
|---|---|---|
| 16. | Тұрақты "С" сақтық белгілерінің бары | 2 дана |
| 17. | Қосалқы горизонтальды-бұрылатын шлагбауымдардың болуы | Кезекшісі бар өткелдерде 4 дана |
| 18. | Бөгеулік сигнал берудің бар-жоғы | Кезекшісі бар өткелдерде |
| 19. | Қосымша арнайы сигнал беру құралдарының бар-жоғы | бөлек шешімге сәйкес |
| 20. | Байланыспен жабдықтау: телефондық, радио | Кезекшісі бар өткелдерде |
| 21. | Өткелдік сигнал беру: шлагбаум түрі, өткелдік сигнал беру түрі | Жобаға сәйкес |
| 22. | Станция кезекшісінде (пойыз диспетчері) өткелдік сигнал берудің түзулігін бақылаудың бар-жоғы | ТЖӨ пайдалану нұсқаулығына сәйкес |
| 23. | Басқа құрлығы ж/е техникалық құралдар | бөлек шешімге сәйкес |
| 24. | Өткелді жарықтандыру, лк. | 1 санат - 5 лк.<br>2 санат - 3 лк.<br>3 санат - 2 лк.<br>4 санат - 1 лк. |
| 25. | Түйіскен сымдардың биіктігі (басқа сымдардың желілері) м | ТПЕ сәйкес |
| 26. | Пойыздарды байқауға арналған күншамдар. мен жабдықтау | ТПЕ сәйкес |
| 27. | Қозғалмалы құрамның көлемділігін анықтайтын құралдың бары | Кезекшісі бар өткелдерде |
| 28. | Көлденеңінен ж/е тігінен таңбалайтын жол белгілерінің бары | |

Ұсыныстар:________________________________________

Комиссия құрамы:

Төраға ________________________________________

(лауазымы, тегі және аты-жөні)

Комиссия мүшелері: ________________________________________

(лауазымдары, тектері және аты-жөндері)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 4-қосымша

**АКТ**

"___" _________200_ жыл ___________ қаласы (ауданы)

Жол және коммуналдық органдардың автомобиль жолдары және көшелерді қысқы пайдалануға даярлығын тексеруде анықталды:

Тапсырыс беруші:_______________________________________________

(коммуналдық немесе жол шаруашылық ұйымы, мекен-жайы, телефоны)

Мердігер (пайдаланушы ұйым)________________________________________

(аты, мекен-жай, телефон)

Қызмет ету аумағы_______________________________________________

(автомобильдік жол, көше учаскесі)

Лицензиясы_____________________________________________________

(лицензия түрі, беру мезгілі, жарамдылық мезгілі)

| NN | №№ Тексерілуші өлшемдер | Негізі | Бары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Қысқа пайдалануға дайындықтың жоспары ж/е ұйымдастырылуы | | |
| 1.1. | Өткен жылдардағы жұмыс нәтижелерін қорытындылау мат-ры | | |
| 1.2. | Қысқы ұстауға дайындық жұмыстарының кестесі | | |
| 1.2.1. | Қарлы борасындардан жолды қорғау нобайы | | |
| 1.2.2. | Жол учаскелерін тазалау, қысқы тайғақты жою | | |

кезектілігі ж/е мерзімі. Отрядтардың құрамы ж/е машиналардың жұмыс реті

1.2.3. Тайғаққа қарсы материалдарды орналастырудың нобайы

1.3. Кезекшілікті ұйымдастыру реті, ауа-райы жағдайлары ж/е қозғалыс шарттары туралы хабарлау жүйелері

2. Жоспарға түсіндірме жазба:

2.1. Жолдарды қысқы пайдалану сипаттамасы

2.2. Жолдардың қар басатын учаскелері туралы мәліметтер

2.3. Қардан қорғайтын ағаш отырғызатын жер ұзындығы

2.4. Қар ұстайтын құрылғылардың қажеттілік санының есебі

2.5. Қар тазалайтын, тұз, құм шашатын машиналар мен тайғаққа қарсы материалдардың санын есептей отырып, қысқы тайғақты жою мерзімдерін негіздеу

2.6. Қар тазалайтын, тұз, құм шашатын машиналар және тайғаққа қарсы материалдардың барлығы

2.7. Тайғаққа қарсы материалдарды дайындау тәсілі

2.8. Тайғаққа қарсы материалдарды сақтау және тиеу құралдары

3. Машиналардың даярлық актісі (өндіріс бөлімше. лерінің және жоғарғы жол органдарының (тапсырыс беруші) өкілдері қол қояды)

4. Құм қоймаларының орналасулары

5. 10 күндік жанармай ж/е май қоры бар май құятын пункттер

6. Су және май қыздырғыштар

7. Машиналар мен механизмдерге қосалқы бөлшектер қоры

8. Жүргізушілер мен жұмысшылардың демалысы мен жылынуына арналған орындар (соның ішінде тамақ даярлайтын, алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге және т.б.)

9. Тәулік бойы кезекшілікті енгізу туралы бұйрық

10. Кезекшінің міндеттері туралы нұсқаулық

11. Пайдалану бөлімшелерінің бір-бірімен байланыс түрі

12. Жақын арадағы гидромет. қызметімен келісім шарт
13. Өздерінің метеопостары
14. Қала сыртындағы автомобиль жолдарының жол белгілерінің орналасуы (Кім, қай уақытта бекітті)

___________________________________________________________________

Ұсыныстар: ________________________________________________________

Комиссия құрамы:

Төраға __________________________________________

(лауазымы, тегі және аты-жөні)

Комиссия мүшелері:_______________________________

(лауазымдары, тектері және аты-жөндері)

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 5-қосымша

**Автомобиль жолдары бойынша тасымалдауларды жүзеге асыруға рұқсат беруге келісу журналы**

| N | Келісу датасы | Тасымал- даушы туралы мәлімет- тер (атауы, мекен- жайы, тел.) | Жүк тасы- малдаудың жоспарлы бағыты | Механика- лық көлік құралдары- ның саны | Тасымал- дау мер- зімі (басы ж/е соңы) | Берілген рұқсат қағаздың сериясы, N | Алған адамның қолы (Т. ж / е аты-жөні) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 6-қосымша

**Жол қозғалысын реттеудің техникалық құралдарын құру (алу) жұмыстарына ұйғарым есеп журналы**

| N | Жұмыс түрі датасы | Жұмыс өндірісі. нің орны | Жұмыс жүргізу негізі | Тех. тапсырма кімге берілді (ұйым, дата) | Тапсырманы орындау мерзімі | Орындалған |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 103 бұйрығымен
бекітілген
Жол полициясы бөлімшелерінің
жол қызметі саласындағы
ережелердің, нормативтердің
және стандарттардың
сақталуын мемлекеттік
қадағалау мен бақылауды
жүзеге асыруды және жол
қозғалысын ұйымдастыруды
жетілдіруі жөніндегі
Нұсқаулыққа 7-қосымша

**КАРТОЧКА**

_______________ Темір жол өткеліне санаты__________________

______________________________ темір жолдың дистанциясы.

Өткелдің тұрған жері:__________ км.__________ учаске пикеті________,

Станция_____________________________________________________________

Пайдалану түрі (жалпы, жалпы емес)__________________________________

Өткел иесі__________________________________________________________

Өткел түрі (реттелетін, реттелмейтін)_______________________________

Кезекшілердің бары (кезекшімен, кезекшісіз)_________________________

Ауысымдар саны _______; ауысым ұзақтығы __________;

Кезекшілердің саны__________________________________________________

Өткел қызмет кезекшілері қызмет көрсетеді___________________________

Өткелді ____ санатты автомобиль жолы кесіп өтеді (аты)______________

Шлагбаумдардың қалыпты жайы__________________________________________

Өткелдік сигнал беру үлгісі_________________________________________

Бөгеулік құрылғылардың болуы________________________________________

Жүргізушінің пойызды көруі

Оң жақтан: тақ пайыз ________ м.

жұп пайыз ________ м.

Сол жақтан: тақ пайыз ________ м.

жұп пайыз ________ м.

Пойыздардың саны/тәулігіне (екі бағыттың жиынтығы)__________________

Автомобильдердің саны/тәулігіне(екі бағыттың жиынтығы)______________

Қоғамдық көліктің жүйелі қозғалыстарының сапар желілерінің болуы:

Автобустардың ________; трамвайлардың _______; троллейбустердің_____

Пойыздар қозғалысының барынша көп жылдамдығы:

Жүк таситын жұп ______ км/с; тақ ______ км/с;

Жолаушылар жұп ____ км/с. тақ ______ км/с;

Қиып өтілуші жолдардың саны (негізгілердің _____________,

Станциялықтардың _____________, қалғандардың ___________________).

Өткел орналасқан (үйіндіде, қисықта, түзуде) ______________________

Өткел пайдалануға "___" ________ ж. N ____ бұйрығымен енгізілген

Күрделі жөндеулердің даталары:______________________________________

Карточка құрастырылған______________________________________________

(датасы, лауазымы, тегі және аты-жөні)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК